

Тауарларға (жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге) бағалардың алдағы көтерілуі туралы реттеуші органға хабарлау ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі Төрағасының 2007 жылғы 29 тамыздағы N 232-нұр Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2007 жылғы 20 қыркүйекте Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 4942 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі Төрағасының 2009 жылғы 12 наурыздағы N 91-НҚ Бұйрығымен.

Күші жойылды - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі Төрағасының 2009.03.12 N 91-НҚ Бұйрығымен.

----- Бұйрықтан үзінді -----

"Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабының 1-1-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Тауарларға (жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге) бағалардың алдағы көтерілуі туралы реттеуші органға хабарлау ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2007 жылғы 29 тамыздағы N 232-НҚ бұйрығының күші жойылды деп танылсын.

2
3

4. Осы бұйрық ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Төраға *Н. Алдабергенов*

"Бәсеке және монополистік қызметті шектеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабының 3-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Тауарларға (жұмыстарға, көрсетілетін) қызметтерге бағалардың алдағы көтерілуі туралы реттеуші органға хабарлау ережесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің Әкімшілік жұмысы және талдау департаменті (Е.О. Есіркепов):

1) бұйрықты заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде тіркегеннен кейін заңнамада белгіленген тәртіппен бұқаралық ақпарат құралдарында ресми

жариялауды қамтамасыз етсін және оны Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің құрылымдық бөлімшелері мен аумақтық органдарының назарына жеткізсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының орынбасары Е.К. Құдайбергеновке жүктелсін.

4. Осы бұйрық ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Төраға

Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі

төрағасының
2007 жылғы»29 тамыздағы
N 232-нұ ғымен

бекітілген

Тауарларға (жұмыстарға, көрсетілетін) қызметтерге бағалардың алдағы көтерілуі туралы реттеуші органға хабарлау ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Тауарларға (жұмыстарға, көрсетілетін) қызметтерге бағалардың алдағы көтерілуі туралы реттеуші органға хабарлау ережесі (бұдан әрі - Ереже)»"Бесеке және монополистік қызметті шектеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді.

2. Осы Ереженің мақсаты тауарларға (жұмыстарға, көрсетілетін) қызметтерге бағалардың алдағы көтерілуі туралы реттеуші органға хабарлау тәртібін айқындау болып табылады.

3 . О с ы Е р е ж е :

жекеменшік нысандарына қарамастан, темір жол көлігі, электр және жылу энергетикасы, мұнайды, мұнай өнімдерін және газды тасымалдау, азаматтық авиация, порттар саласындағы тауар нарықтарында үстем (монополиялық) жағдайға ие нарық субъектілеріне (бұдан әрі - нарық Субъектісі);

жекеменшік нысандарына қарамастан, Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген номенклатура бойынша тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізетін нарық субъектілеріне (бұдан әрі - бағаларын мемлекет реттейтін тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізетін нарық Субъектілері).

4. Осы Ереженің мақсатында мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

- 1) реттеуші орган - Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын уәкілдеп мемлекеттік орган;
- 2) тауар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) - азаматтық айналымның объектісі болып табылатын мұлік.

Осы Ережеде пайдаланылатын өзге үғымдар мен терминдер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қолданылады.

2. Тауарларға (жұмыстарға, көрсетілетін) қызметтерге бағалардың алдағы көтерілуі туралы хабарламаны ұсыну тәртібі

5. Нарық Субъектілері және бағаларын мемлекет реттейтін тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізетін нарық Субъектілері тауарларға (жұмыстарға, көрсетілетін) қызметтерге бағалардың алдағы көтерілуі туралы хабарламаны реттеуші органға отыз күнтізбелік күн бұрын жазбаша түрде береді.

6. Тауарларға (жұмыстарға, көрсетілетін) қызметтерге бағалардың алдағы көтерілуі туралы хабарламаға:

1) көтеру себептерін растайтын құжаттар (шикізат, материалдары, қызметтер құнының өсуін растайтын тиісті шарттардың көшірмелері);

2) қызметтің әрбір түрі бойынша баға жобасы;

3) бухгалтерлік тенгерім;

4) қаржы-шаруашылық қызметтің нәтижелері туралы есеп;

5) еңбек және жалақы жөніндегі есеп;

6) өндірістік - қаржы қызметі туралы есеп;

7) негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің болуы және олардың қозғалысы;

8) тұтастай кәсіпорын және әрбір түрі бойынша жеке шығындар баптары бойынша таратып жаза отырып, бағалардың жобасын есептеу үшін қолданылатын табыстар мен шығыстар туралы жиынтықты деректер;

9) еңбекақы төлеудің қолданылып отырған жүйесі туралы деректер;

10) шикізат және материалдар шығысының қолданылып отырған нормалары, қызметкерлер санының нормативтері туралы деректер;

11) егер бар болған жағдайда есепке алу саясаты;

12) егер олар бар болған жағдайда инвестициялық бағдарламалар (жобалау);

13) ағымдағы және күрделі жөндеуге және негізгі құралдар құнының өсуіне алып келмейтін басқа да жөндеу-қалпына келтіру жұмысына бағытталған шығындардың жылдық сметасы;

14) негізгі құралдар құнының өсуіне алып келетін күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуге бағытталған шығындардың жылдық сметасы;

15) негізгі құралдарды пайдалану мерзімін көрсеткен амортизациялық аударымдарды есептегу;

16) негізгі құралдарды пайдалану мерзімін көрсеткен амортизациялық аударымдардың жиынтық есебі;

17) тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізудің жоспарланған көлемін растайтын құжаттар - ниет етілген хаттамалары, шарттар, тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өндіру (жеткізу)

көлемдерінің есебі, жобалық қуаттылығы және оны іс жүзінде пайдалану туралы д е р е к т е р ;

18) дебиторлық және кредиторлық берешектің таратылып жазылуы қоса
б е р і л е д і .

Нарық субъектілерінің және бағаларын мемлекет реттейтін тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізетін нарық Субъектілерінің тауарларына (жұмыстарына, көрсетілетін қызметтеріне) баға түзу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

7. Реттеуші орган бағаны көтеру себептері туралы қосымша ақпарат сұратуға құқылы, ол нарық Субъектілері және бағаларын мемлекет реттейтін тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізетін нарық Субъектілері тиісті сұрауды алған күннен бастап бес жұмыс күннің ішінде берілуге тиіс.

8. Реттеуші орган тауарларға (жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге) жаңа бағаларды қолданысқа енгізгенге дейін отыз қүнтізбелік күн ішінде нарық Субъектілеріне және бағаларын мемлекет реттейтін тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізетін нарық Субъектілеріне тауарларға (жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге) бағаны көтеруге дәлелді қорытындымен

Тауарға (жұмысқа, көрсетілетін қызметке) дәлелді қорытындыны алған күннен бастап нарық Субъектісі және бағаларын мемлекет реттейтін тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізетін нарық Субъектісі тауарға (жұмысқа, көрсетілетін қызметке) бағаны көтеру жөнінде іс-әрекетті тоқтатуға және осы іс-әрекеттермен тұтынушыға келтірілген залалдың белгіленген тәртіппен орнын толтыруға тиіс.

9. Бағаларын мемлекет реттейтін тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізетін нарық Субъектілері оларды тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) номенклатурасына енгізген күннен бастап он бес күнтізбелік күн ішінде (жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге) босатылатын бағалардың деңгейін растайтын құжаттарды қоса бере отырып, осы тауарларға (жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге) босатылатын бағалар туралы ақпаратты тауарларға реттеуші органға ұсынады.

Осыған байланысты реттеуіші орган қосымша ақпарат сұратуға құқылы, ол нарық Субъектілері және бағаларын мемлекет реттейтін тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізетін нарық Субъектілері тиісті сұрауды алған күннен бастап бес жұмыс күннің ішінде берілуге тиіс.

Бұл ретте реттеуши орган бағаларын мемлекет реттейтін тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізетін нарық Субъектісі тиісті сұрауды алған күннен бастап бес жұмыс күннің ішінде ұсынуға тиіс қосымша ақпаратты береді.

10. Реттеуші орган тауарларға (жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге) босатылатын бағалар туралы ақпаратты алған қүннен бастап отыз күнтізбелік қүн ішінде Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген баға түзу тәртібіне сәйкес көрсетілген бағаларды төмендету туралы дәлелді қорытындыны бағаларын мемлекет реттейтін тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізетін нарық Субъектісіне жолдауға құқылы.

Дәлелді қорытындыда реттеуші орган көтеруге жол берілмейтін осы тауарға (жұмысқа, көрсетілетін қызметке) бағаның шекті деңгейін көрсетеді.

Бағаларын мемлекет реттейтін тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізетін нарық Субъекті тауарға (жұмысқа, қызметке) бағаны төмендетеді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК